

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор Биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2021 жылдың 23 маусымындағы
№ 61 отырыс хаттамасы)
б е к і т і л г е н

2021 жылдың 07 шілдесінен бастап
қолданысқа енгізілді

Қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстердің **ЕРЕКШЕЛІГІ**

Алматы қ.

2021

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2022 жылдың 13 желтоқсанындағы № 145 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 05 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (2024 жылдың 27 мамырындағы № 60 отырыс хаттамасы);
- 2024 жылдың 03 маусымынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Маманданым биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) ішкі құжатына сәйкес әзірленді және қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстер бойынша міндеттемелердің (бұдан әрі – фьючерстік келісімшарт) стандартты шарттарын, сауда-саттықты өткізу параметрлерін, туындау, өзгерту және тоқтату тәртібін анықтайды *(осы преамбула Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

1 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСУ

1. Осы Маманданымда биржалық қызметті жүзеге асырудың жалпы шарттарын регламенттейтін Биржаның ішкі құжатында және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылды *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
2. Сауда-саттықты өткізу шарттары мен параметрлері осы Маманданыммен анықталатын фьючерстік келісімшарттардың базалық активтері, эмитенттері қазақстандық акционерлік қоғамдар болып табылатын, акциялар (бұдан әрі – акциялар) болып табылады.
3. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттық жүргізудің негізгі параметрлері осы Маманданымның қосымшасында белгіленген.
4. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттық жүргізу кезінде баға базалық активтің бірлігі үшін қазақстандық теңгемен көрсетіледі.
5. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттық айналыстың төрт мерзіміне ашылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Фьючерстік келісімшарттың ең жақын орындау мерзімімен айналысы аяқталғаннан кейін осындай келісім-шартты орындаудың ең ұзақ мерзімімен сауда-саттық ашылады.

6. Фьючерстік келісімшарт айналысының басталу күні тоқсанның басына келетін айдың бесінші күні болып табылады: Басқарма шешімімен белгіленген күннен бастап фьючерстік келісімшартпен сауда-саттықты ашуға жол берілетін биржалық сауда-саттықтың бастапқы кезеңін қоспағанда, қаңтар, сәуір, шілде және қазан *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы және 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

Егер фьючерстік келісімшарт айналысының басталу күні мереке немесе демалыс күніне келетін болса, онда фьючерстік келісімшарттардың биржалық сауда-саттықтары өткізілетін одан кейінгі ең жақын жұмыс күні айналыстың басталу күні болып табылады.

7. Фьючерстік келісімшарттың соңғы күні – тоқсанның соңындағы айдың үшінші бейсенбісі: наурыз, маусым, қыркүйек және желтоқсан.

Егер тоқсанның соңындағы айдың үшінші бейсенбісі мереке немесе демалыс күніне түссе, айналымның соңғы күні осы айдың үшінші бейсенбісінің алдындағы соңғы сауда-саттық күні болып табылады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

8. Осы Маманданымның 18 және 19 тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, фьючерстік келісімшартты орындаудың 8 күні оның айналысының соңғы күні болып табылады.
9. Фьючерстік келісімшартпен сауда-саттық жүргізудің қосымша әдісі тікелей мәмілелер жасасу әдісі болып табылады

2 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

10. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау базалық активті жеткізусіз жүзеге асырылады, бұл ретте мұндай келісімшарттың тараптары мөлшері базалық актив мәнінің өзгеруіне байланысты болатын осы Маманданымның 12 тармағының 1) және

2) тармақшаларына сәйкес бір-біріне теңгемен ақша сомасын (вариациялық маржаны) төлеуге міндетті.

11. Вариациялық маржа клирингтік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес клирингтік сессияны өткізу барысында есептеледі және фьючерстік келісімшарт жасалған бірінші күннен бастап оны орындаған күнге дейінгі кезеңде төленеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

12. Вариациялық маржаны есептеу үшін келесі формулалардың бірі қолданылады:

- 1) вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде:

$$VM_0 = (P_{last} - P_{fut}) \times \frac{S_{tick}}{tick}, \text{ мұндағы}$$

VM_0 – математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейін екінші белгіге дейін дөңгелектелген вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылмаған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаның мөлшері;

P_{last} – клирингтік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес анықталған фьючерстік келісімшарттың ағымдағы (соңғы) есеп айырысу бағасы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*;

P_{fut} – фьючерстік келісімшартты жасасу бағасы;

S_{tick} – осы Ерекшелікке қосымшаға сәйкес анықталған фьючерстік келісімшарт бағасының минималды өзгеруінің құны;

$tick$ – осы Ерекшелікке қосымшаға сәйкес анықталған келісімшарт бағасының минималды өзгеруі;

- 2) бұрын вариациялық маржаны есептеу жүзеге асырылған келісімшарт бойынша вариациялық маржаны есептеу кезінде:

$$VM = (P_{last} - P_{previous}) \times \frac{S_{tick}}{tick}, \text{ мұндағы}$$

VM – математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша үтірден кейін екінші белгіге дейін дөңгелектелген, вариациялық маржаны есептеу бұрын жүзеге асырылған фьючерстік келісімшарт бойынша вариациялық маржаның мөлшері;

$P_{previous}$ – фьючерстік келісімшарттың алдыңғы есептесу бағасы (немесе фьючерстік келісімшарттың бастапқы есептесу бағасы).

13. Вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады. Бұл ретте *(осы абзац Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) Егер вариациялық маржа оң болса, онда вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттеме фьючерстік келісімшартты сатушыда туындайды;
- 2) Егер вариациялық маржа теріс болса, онда есептелген вариациялық маржаның абсолюттік шамасына тең сомада вариациялық маржаны төлеу жөніндегі міндеттеме фьючерстік келісімшартты сатып алушыда туындайды.

14. Фьючерстік келісімшарттың орындалу бағасы клирингтік ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша орындалған күні есептелген осындай фьючерстік келісімшарттың базалық активінің есептік бағасына сәйкес келеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

3 тарау. ФЬЮЧЕРСТІК КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

15. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер оны орындау нәтижесінде осы келісімшарттың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін толығымен тоқтатылады.
16. Сауда-саттыққа қатысушының фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелері осындай қатысушыда клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде оның міндеттемелері мөлшерінде сол базалық активпен және айналым мерзімімен фьючерстік келісімшарт бойынша қарсылама талаптардың туындауы нәтижесінде толығымен тоқтатылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.
17. Фьючерстік келісімшарт бойынша міндеттемелер клирингтік ұйымның ішкі құжаттарында көрсетілген өзге де негіздер бойынша олар белгілеген тәртіппен тоқтатылуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)*.

4 тарау. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

18. Биржалық сауда-саттықта фьючерстік келісімшарттың өтініші тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған немесе фьючерстік келісімшарттың базалық активі болып табылатын акциямен ұйымдастырылған сауда-саттық тоқтатыла тұрған жағдайда, Биржа Басқармасы мынадай шешімдердің бірін немесе бірнешеуін қабылдауға құқылы:
 - 1) фьючерстік келісімшарт айналысының соңғы күнінің күнін өзгерту туралы;
 - 2) фьючерстік келісімшартты орындау күнінің күнін өзгерту туралы;
 - 3) ағымдағы (соңғы) есептік бағаның өзгеруі және/немесе вариациялық маржаны есептеу және аудару тәртібін анықтау туралы.
19. Егер оның соңғы күні жұмыс істемейтін күн болып жарияланса, Биржа айналыстың соңғы күнінің күнін және/немесе фьючерстік келісімшартты орындау күнінің күнін өзгертуге құқылы.
20. Егер Биржа Басқармасының шешімімен өзгеше көзделмесе, Биржа Басқармасы осы Маманданымның 18 және 19 тармақтарына сәйкес қабылдаған шешім (шешімдер) күшіне енген сәттен бастап бұрын жасалған фьючерстік келісімшарттар бойынша қолданыстағы міндеттемелердің шарттары көрсетілген шешім (шешімдер) ескеріле отырып өзгертілген болып есептеледі.

5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

21. Осы Маманданымға енгізілетін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектілендіру) үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшелеріне жүктеледі.
22. Осы Маманданым қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.

Осы Маманданым бұл Маманданым қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қарауға жатады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2024 жылдың 27 мамырындағы шешімімен өзгертілген)

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

Қазақстандық эмитенттердің
акцияларына фьючерстердің
маманданымына

қосымша

**Қазақстандық эмитенттердің акцияларына фьючерстермен
САУДА-САТТЫҚ ЖҮРГІЗУ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

№	Фьючерстің атауы	Базалық активтің коды	Базалық актив	Лот, базалық актив данасы	Бағаның минималды өзгеруі, теңге	Бағаның минималды өзгерісінің құны, теңге
1	2	3	4	6	7	8
1.	"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына Фьючерс	HSBK	"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары	100	0,01	1
2.	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ жай акцияларына Фьючерс	KZAP	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ жай акциялары	1	0,01	0,01